



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

26.02.2018н

Аксу ауылы

№ 113

село Аксу

**Сайрам ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 31 тамыздағы
«Жер қатынастары жөніндегі
аудандық комиссия құрамы
туралы» №346 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 тамыздағы «Жер қатынастары жөніндегі аудандық комиссия құрамы туралы» №346 қаулысын, Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасының Сайрам аудандық филиалы директорының 2018 жылғы 06 ақпандағы №5/1143 хатын қарай келе аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 тамыздағы «Жер қатынастары жөніндегі аудандық комиссия құрамы туралы» №346 қаулысымен құрылған комиссия құрамына төмендегі өзгерістер енгізілсін:

комиссия құрамына Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасының Сайрам аудандық филиалының директоры Джумашев Касымхан Абдуллаевич комиссия мүшесі ретінде енгізілсін;

комиссия құрамынан Асылболатов Кайрат Токтасынович шығырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Олжаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі



Б.Мамаев

0000775